

№8(20) 2025

Шұнабат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ:

ЖАҢА БІЛІМ
МЕН ТАНЫМҒА
ҚАДАМ

ДОРОГА В ШКОЛУ:

К НОВЫМ ЗНАНИЯМ
И ОТКРЫТИЯМ

ДОСБОЛІКЕ:

ДОСТЫҚҚА ҚОЛ СОЗ!

ДОСБОЛІКЕ:

ПРОТЯНИ РУКУ ДРУЖБЫ!

**ӘР БАЛА –
ҚАЙТАЛАНБАС ӘЛЕМ:**

ӨМІРГЕ ӨЗГЕШЕ
ҚАРАУҒА ҮЙРЕТЕТІН
ЖАНДАР

**КАЖДЫЙ РЕБЕНОК
НЕПОВТОРИМ:**

ТЕ, КТО УЧИТ ВИДЕТЬ
ЖИЗНЬ ПО-ОСОБОМУ

БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



**ҚЫМБАТТЫ ДОС!
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ
КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**



**ДОРОГОЙ ДРУГ!
ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ
АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!**

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ
БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!

**ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ,
СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!**

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ
ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!

**ПРОСТО ПОЗВОНИ
ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!**

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172)

74 25 28

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!

Тамыз... Бұл – жаз мезгілімен қошта-судың жақындап қалғаны үшін іштей сағыныш сезімі басталатын ай. Біз жазға «Рақмет, сау бол!» деп айту керек екенін іштей сеземіз. Бұдан ешқайда қашып құтыла алмаймыз...

Жаздың соңғы айы қоштасар алдында бізге күн шуағы мен жылуын аямай сыйлайды. Дегенмен, түн ауа басталғанда күздің лебі сезіле бастайды. Ал тамыз жаңбырлары – маусым мен шілденің жылы жаңбырларындай емес.

Жомарт жаз бізге сыйлаған ғажайыптардың бәрінен кейін, енді өзі де демалуға дайындалуда...

Алайда жер бетін гүлдермен әрлендіріп, шөптердің бойына шипалы күш дарытып, жемістерге күннің қуатын сіңіріп жатқан шақта, адамдардың да жан дүниесі мейірім мен үмітке, жақсылыққа деген сенімге толы. Тамыздың әр күні жанға жылу сыйлайды. Бұл жылулық ақпанның қақаған аязында да бойымызда сақталып тұратыны анық.

Көбінесе тамызды жаз бен күзді жалғайтын көпірге теңейді. Ол бізге шілденің ыстығы мен қыркүйектің сергек самалын бірге сезіндіретін ерекше шақ. Тамыз – керемет естемікке толы, жаздың соңғы айы...

Тамыз айы әсіресе ұстаздар үшін өте қымбат. Әлі алғашқы қоңырау соғылған жоқ – демек, күш-қуатты молайтып, бойға жаңа серпін жинап, сыныпқа сергек те шат көңілмен кіріп: жазғы демалыстан кейін ұлдардың есейіп, қыздардың ажарланып қалғаны бірден байқап, көңіл тебіренетін сәт.

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Август... Это месяц, когда начинается грусть по лету, которое еще не проводили, но расставание с ним уже неизбежно... И все мы с легкой грустью понимаем, что пора сказать лету: «Спасибо, и прощай!» И от этого никуда не деться...

Последний летний месяц, словно на прощание, дарит солнце и тепло. Но в ночные часы уже ощущается, что осень близко. Да и августовские дожди уже не напоминают веселые и теплые ливни июня и июля, под которыми так приятно промокнуть до нитки.

В общем, щедрое лето собирается отдохнуть после всех тех чудес, которые оно нам подарило...

Но пока земля украшена цветами, травы налиты целебной силой, плоды – солнечной энергией, души людей полны надеждой на торжество добра, любви и веры. Августовские дни оставляют в душе такое тепло, что его хватит до февральских стуж.

Мостик между летом и осенью, как часто называют август, дарит нам нежное прощальное прикосновение жаркого солнца, напоенное отголосками июльского зноя и приправленное свежестью сентября. Август – последняя жара с привкусом ностальгии по так быстро пролетевшему лету...

Особенно ценен август для учителей. Пока не прозвенел первый звонок, есть еще время набраться драгоценных сил, наполнить себя энергией, чтобы бодрыми и жизнерадостными войти в класс и ахнуть: как изменились за лето вихрастые мальчишки и похорошели повзрослевшие девочки!



Қазақ елі жаздың соңын еліміздегі басты мемлекеттік мейрамдардың бірі – Конституция күнімен қарсы алады. Бұл – еліміздің тәуелсіздігі мен құқықтық мәртебесінің негізі қаланған күн.

Конституцияның қорғауында және мемлекетіміздің қамқорлығында – біздің жас ұрпағымыз бар. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Қазақстан балалары» атты бірыңғай ұлттық бағдарлама іске қосылады. Бұл бастама – өсіп келе жатқан жас ұрпақтың мүдделерін қорғауға бағытталған барлық бұрынғы және жаңа мақсаттарды біріктірмек. Президент тапсырмасына сай, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, зорлық-зомбылықтан қорғауға, сапалы білім мен медициналық қызметке қол жеткізуге, ерекше қажеттілігі бар балаларға тең мүмкіндік беруге арналған заңнамалар жетілдірілуде. Еліміздің әр өңірінде ерекше балаларға арналған орталықтар ашылады. Сондай-ақ заманауи әрі қолжетімді инфрақұрылым құруға да баса назар аударылады.

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтай отырып, әрқайсыңызға ортақ Отанымыздың абыройлы азаматы болуға, еліне адал қызмет етіп, оның байлығы мен даңқын арттыруға тілектеспіз.

Денсаулығыңыз мықты, өмірге құштар, көңіл-күйіңіз көтеріңкі, болашаққа сеніммен қарайтын оптимист болыңыз!

Тамыз – аяқталып бара жатқан жаздың соңғы әңгімесі. Жаз, әрине, бір жылдан кейін қайта оралады. Бірақ ол – әрқайсымыз өз тарауымызды жазуға тиіс жаңа хикаяның бастауы...

Конец лета казахстанцы встречают празднованием одного из главных государственных праздников – Дня Конституции, законодательно заложившей основы независимости и правового статуса нашей страны.

Под охраной Конституции и надежной защитой государства находятся и наши юные сограждане. В этом году по инициативе Президента Касым-Жомарта Токаева в стране запускается единая общенациональная Программа «Дети Казахстана». Она объединит все действующие и новые механизмы защиты интересов подрастающего поколения. По поручению главы государства совершенствуется законодательство, направленное на обеспечение безопасности детей, защиту от насилия, доступ к качественному образованию и медицинскому обслуживанию, а также предоставление равных возможностей для детей с особыми потребностями. В каждом регионе планируется открыть центры по работе с особыми детьми. Особое внимание будет уделено созданию современной и доступной инфраструктуры.

Поздравляя всех казахстанцев с Днем Конституции, мы желаем каждому быть достойным гражданином нашей общей Родины, верой и правдой служить ей, преумножая ее богатства и славу.

Будьте здоровы, полны жизненных сил, бодрости духа, позитивной энергии и неиссякаемого оптимизма!

Август – это история заканчивающегося лета. Оно вернется к нам через год. Но это будет уже совсем другая история. История, в которую каждый из нас может и должен вписать свою главу...



МАЗМҰНЫ

содержание

ОҚЫРМАНДАРҒА / К ЧИТАТЕЛЯМ

3

КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ / ТЕМЫ ДНЯ

ЕШКІМ ЕШКІМНІҢ ҮСТІНЕН БІЛІК ЖҮРГІЗЕ АЛМАЙДЫ!
НИКТО НЕ ВЛАСТЕН НАД ДРУГИМ!

7

**ДОСБОЛЛІКЕ:
ДОСТЫҚҚА ҚОЛ СОЗ!**

**ДОСБОЛЛІКЕ:
ПРОТЯНИ РУКУ ДРУЖБЫ!**



ӨМІР СҮРУ – ЕҢБЕК ЕТУ ДЕГЕН СӨЗ. АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘНІ – ЕҢБЕК
ЖИТЬ – ЗНАЧИТ ТРУДИТЬСЯ. ТРУД ЕСТЬ ЖИЗНЬ ЧЕЛОВЕКА

10

**ЕҢБЕК – ӨРКЕНИЕТКЕ
АПАРАР БАСПАЛДАҚ**

ТРУД — СТУПЕНЬ К ПРОГРЕССУ



МЕКТЕПКЕ ЖОЛ
ДОРОГА В ШКОЛУ

14

ЖАҢА БІЛІМ МЕН ТАНЫМҒА ҚАДАМ

**ШАГ К НОВЫМ ЗНАНИЯМ
И ОТКРЫТИЯМ**



АДАЛДЫҚ – ДАНАЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ
ЧЕСТНОСТЬ – ИСТОЧНИК МУДРОСТИ

16

**АДАЛ АЗАМАТ –
АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС**

**ЧЕСТНЫЙ ГРАЖДАНИН –
ЧЕСТНЫЙ ТРУД – ЧЕСТНЫЙ ДОХОД**



ПЕДАГОГТЕРГЕ / ПЕДАГОГАМ

БУЛЛИНГ – ЖАЙ ӨЗІЛ ЕМЕС, ЖҮРЕКТЕ ҰЗАҚ САҚТАЛАТЫН ЖАРА
БУЛЛИНГ – НЕ ШУТКА, А РАНА, КОТОРАЯ ДОЛГО ЗАЖИВАЕТ

20

**А. Х. Мұхтаров
БЕЙЖАЙЛЫҚ ПЕН НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ –
БУЛЛИНГКЕ БАСТАЙТЫН ЖОЛ**

**А. Х. Мұхтаров
БЕЗРАЗЛИЧИЕ И РАВНОДУШИЕ –
ПУТЬ К БУЛЛИНГУ**



ӨМІРГЕ «ИӘ» ДЕ!
СКАЗАТЬ ЖИЗНИ «ДА!»

26

**Н. Ю. Песигина
ТҮСІНУ МЕН ҚОЛДАУ
АРҚЫЛЫ ӨМІРГЕ БЕТБҰРЫС
СУИЦИДАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ
ПСИХОЛОГИЯСЫ: СЕБЕПТЕРІ,
БЕЛГІЛЕРІ, КӨМЕКТЕСУ ТӘСІЛДЕРІ
ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Н. Ю. Песигина
ПУТЬ К ЖИЗНИ ЧЕРЕЗ
ПОНИМАНИЕ И ПОДДЕРЖКУ
ПСИХОЛОГИЯ СУИЦИДАЛЬНОГО
ПОВЕДЕНИЯ: ПРИЧИНЫ, ПРИЗНАКИ,
МЕТОДЫ ПОМОЩИ, ПРОФИЛАКТИКА**



КИБЕРБУЛЛИНГ – ЭКРАН СӨНСЕ ДЕ, ҚҰРБАНЫНЫҢ АРТЫНАН ҚАЛМАЙТЫН КӨЛЕҢКЕ
КИБЕРБУЛЛИНГ – ТЕНЬ, ПРЕСЛЕДУЮЩАЯ ЖЕРТВУ ДАЖЕ ПРИ ВЫКЛЮЧЕННОМ ЭКРАНЕ

34

Л. С. Темирова
ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ
КИБЕРБУЛЛИНГ: ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ
СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

Л. С. Темирова
КИБЕРБУЛЛИНГ СРЕДИ
ПОДРОСТКОВ: СОВРЕМЕННЫЕ
ВЫЗОВЫ



АТА-АНАЛАРҒА / РОДИТЕЛЯМ

ДАРА ЖОЛ – ДАРА ТҰЛҒА
УНИКАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ – УНИКАЛЬНЫЙ ПУТЬ

41

С. Е. Нурахметова
ӘР БАЛА – ҚАЙТАЛАНБАС ӘЛЕМ:
ӨМІРГЕ ӨЗГЕШЕ ҚАРАУҒА
ҮЙРЕТЕТІН ЖАНДАР

С. Е. Нурахметова
КАЖДЫЙ РЕБЕНОК НЕПОВТОРИМ:
ТЕ, КТО УЧИТ ВИДЕТЬ ЖИЗНЬ
ПО-ОСОБОМУ




АТА-АНА АТАНУ ОҢАЙ. БОЛУ ҚИЙН
СТАТЬ РОДИТЕЛЕМ ЛЕГКО. БЫТЬ ИМ ТРУДНО

53

А. В. Петровский
ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ
БЕС ӘДІСІ

А. В. Петровский
ПЯТЬ ТАКТИК
СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ




БАЛАЛАРҒА / ДЕТЯМ

ЖАРҚЫН ЭМОЦИЯЛАР МЕН ПОЗИТИВКЕ ТОЛЫ ШАҚ
ПОРА ЯРКИХ ЭМОЦИЙ И ПОЗИТИВА

62

КИНО МЕН МУЛЬТФИЛЬМДЕРДЕГІДЕЙ
ЖАЗ МЕЗГІЛІ: ТАМАША ДЕМАЛЫСТЫҢ
ЖАРҚЫН ҮЛГІЛЕРІ

ЛЕТО, КАК В КИНО
И МУЛЬТФИЛЬМАХ:
ВДОХНОВЛЯЮЩИЕ ПРИМЕРЫ
ДЛЯ ИДЕАЛЬНОГО ОТДЫХА




ДОСТЫҚТЫ ТҮСІНУ ҮШІН СӨЗ ЕМЕС, СЕЗІМ ЖЕТКІЛІКТІ
ЯЗЫК ДРУЖБЫ – НЕ СЛОВА, А СМЫСЛЫ

66

«SHYRAQ» –
КІШКЕНТАЙ ЖАРЫҚТЫҢ ҮЛКЕН ЕРЛІГІ

«SHYRAQ» –
БОЛЬШОЙ ПОДВИГ МАЛЕНЬКОГО ОГОНЬКА



ОТБАСЫ – СЕНІҢ СЕНІМДІ ӘРІ ТЫНЫШ ПАНАҢ
СЕМЬЯ – ТВОЙ НАДЕЖНЫЙ ПРИЧАЛ И ТИХАЯ ГАВАНЬ

70

ҚАЛАЙ АТА-АНАМЕН ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТА БОЛУҒА БОЛАДЫ?
ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН
КЕҢЕСТЕР

КАК НАЛАДИТЬ ОТНОШЕНИЯ
С РОДИТЕЛЯМИ?
СОВЕТЫ ПОДРОСТКАМ



ЖАЗҒЫ ONLINE ШАТТЫҚ
ЛЕТНИЕ ПРИКЛЮЧЕНИЯ ONLINE

73

ҚАУІПСІЗ, ҚЫЗЫҚТЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ
ДЕМАЛЫСҚА АРНАЛҒАН
ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМА

ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМА
ДЛЯ БЕЗОПАСНЫХ,
ИНТЕРЕСНЫХ И ПОЛЕЗНЫХ КАНИКУЛ

ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚҚА ҚОЛ СОЗ!



ДОСБОЛІКЕ: ПРОТЯНИ РУКУ ДРУЖБЫ!



Қазақстанда буллингке қарсы отандық бағдарламаның апробациясы аяқталды.

«ДосболLIKE» бағдарламасы аясында буллинг жағдайларының азайғаны тіркелді.

Еліміздің 9 өңірінде мектептегі буллинктің алдын алуға және оның деңгейін төмендетуге бағытталған отан-

В Казахстане завершена апробация отечественной антибуллинговой Программы «ДосболLIKE»: зафиксировано снижение буллинга.

В 9 регионах страны успешно завершилась апробация отечественной антибуллинговой Программы «ДосболLIKE», направленной на профилактику и снижение случаев бул-

Әрбір мектеп буллингке қарсы әрекет ету бойынша өзіне тән үлгі қалыптастырды. Бұл үлгі диагностикалық нәтижелер мен білім беру үдерісіне қатысушы барлық тараптардың белсенді атсалысуы негізінде құрылды.

дық «ДосболLIKE» атты антибуллингтік бағдарламаның пилоттық кезеңі сәтті аяқталды. Бағдарламаға 50 мектептен шамамен 70 мың оқушы мен 5,5 мыңнан астам педагог қатысты.

Бағдарламаны жүзеге асыру бірнеше кезеңде өтті:

- ағымдағы жағдайды анықтау;
- мектепшілік буллинктің алдын алу жүйесін қалыптастыру;
- педагогтерді оқыту;
- ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Оқушылар мен педагогтерге жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша мектеп ортасында елеулі өзгерістер байқалды:

- ✓ 2025 жылы буллингке бейім оқушылардың (тікелей де, жанама түрде де агрессия көрсеткендердің)

линг в школьной среде. В ней приняли участие около 70 тыс. учеников и более 5,5 тыс. педагогов 50 школ.

Реализация программы проходила в несколько этапов:

- диагностика текущей ситуации;
- формирование школьной системы профилактики;
- обучение педагогов;
- вовлечение родителей.

По итогам анкетирования учеников и педагогов зафиксированы значительные изменения в школьной среде:

- ✓ уменьшение числа буллеров (агрессоров) в 2025 г. как и прямых, так и косвенных на 1,5% по сравнению с 2024 г.;
- ✓ уменьшение числа виктимов (детей, чувствующих себя жертвами) на 5,4% по сравнению с 2024 г.;

Каждая школа выстроила собственную модель реагирования на буллинг, основанную на результатах диагностики и участии всех сторон образовательного процесса.



саны 2024 жылмен салыстырғанда 1,5%-ға азайған.;

✓ Өзін құрбан сезінетін балалардың үлесі 2024 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға төмендеген.;

✓ Өзіне сенім артып, сырымен бөлісе алатын, қолдау мен жанашырлық танытатын ересек тәлімгері бар балалар саны 3 есеге артқан.

«Бағдарламаның сынақтан өткізілуі жүйелі тәсіл мен барлық тараптардың (оқушылар, педагогтер, ата-аналар) үдеріске белсенді тартылуының тиімді екенін көрсетті. Біз тек жанжалдар санының азайғанын ғана емес, сонымен қатар мектеп қауымдастығы ішіндегі сенім деңгейінің артқанын байқадық. Бұл – қауіпсіз әрі қолдаушы орта қалыптастырудың негізгі кілті», – деді Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы **Насымжан Оспанова**.

Еске салайық, отандық «ДосболLIKE» атты антибуллингтік бағдарламасы биылғы 1 қыркүйектен бастап еліміздегі барлық мектептер мен колледждерде енгізіле бастайды. Қазіргі уақытта оны еліміздің барлық өңірлерінде кең көлемде жүзеге асыруға байланысты дайындық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

✓ в 3 раза увеличилось количество детей, у которых есть взрослый наставник, которому они могут доверить свои секреты и у которых встретят понимание и сочувствие.

«Апробация программы показала, что системный подход и вовлечение всех сторон (учеников, педагогов, родителей) действительно работает. Мы видим не просто снижение числа конфликтов, но и рост доверия внутри школьного сообщества. Это ключ к построению безопасной и поддерживающей среды», – отметила председатель Комитета по охране прав детей Министерства просвещения **Насымжан Оспанова**.

Напомним, отечественная антибуллинг-программа «ДосболLIKE» начнет внедряться во всех школах и колледжах уже с 1 сентября этого года. В настоящее время ведется активная подготовительная работа по ее масштабному внедрению по всей стране.





ЕҢБЕК – ӨРКЕНИЕТКЕ АПАРАР БАСПАЛДАҚ



**ТРУД —
СТУПЕНЬ К ПРОГРЕССУ**



Өзіңізге ұнайтын жұмысты табыңыз,
сонда өміріңізде бір күн жұмыс
істеудің қажеті болмайды.

Конфуций

қытай ойшылы және философы

**Қазақстанда «Мен жұмысшы
мамандықты таңдаймын» атты
онлайн байқау басталды**

Оқу-ағарту министрлігінің бастама-
сымен 16 шілде мен 20 тамыз аралығын-
да Жұмысшы мамандықтар жылы ая-
сында **«Мен жұмысшы мамандықты
таңдаймын» атты республикалық
онлайн байқау** өтеді. Байқаудың мақ-
саты – жастар арасында жұмысшы ма-
мандықтардың маңызын насихаттау,
техникалық және кәсіптік білім берудің
оң имиджін қалыптастыру.

Байқау жастардың жұмысшы маман-
дықтарға қызығушылығын арттыруға,
Жұмысшы мамандықтар жылы аясын-

Труд, который нравится, перестает
быть трудом. Выберите себе работу
по душе, и вам не придется работать
ни одного дня в своей жизни.

Конфуций

китайский мыслитель и философ

**В Казахстане стартует
онлайн-конкурс**

«Я выбираю рабочую профессию».

По инициативе Министерства про-
свещения с 16 июля по 20 августа в рам-
ках Года рабочих профессий проходит
**Республиканский онлайн-конкурс
«Я выбираю рабочую профессию»**,
направленный на популяризацию ра-
бочих специальностей среди моло-
дежи и формирование позитивного
имиджа технического и профессио-
нального образования

Конкурс способствует повышению ин-
тереса молодежи к рабочим специаль-

Байқаудың мақсаты – жастардың
жұмысшы мамандықтарды таңда-
уға деген сұранысы мен дайын-
дығын арттыру, техникалық және
кәсіптік білімге деген оң көзқара-
сты қалыптастыру, студенттердің
өмірінен алынған шынайы оқиға-
лар арқылы саналы мамандық
таңдауға шабыттандыру.

Цель конкурса – повысить по-
требность и готовность молодежи
к выбору рабочих специаль-
ностей, сформировать положи-
тельное отношение к техническому
и профессиональному образова-
нию, вдохновить на осознанный
выбор будущего через реальные
истории студентов.

дағы іс-шараларға кеңінен тартуға, еңбекке және қолданбалы білімге деген қоғамдық құрметті нығайтуға ықпал етеді.

Іс-шараның мақсаты – колледжге түсуді жоспарлап отырған 9 және 11-сынып түлектері, бірінші курс студенттері, сондай-ақ жастардың кәсіби бағдарында маңызды рөл атқаратын ата-аналар, педагогтер мен тәлімгерлерді ақпараттандыру және қолдау.

Байқау медиа-челлендж форматында өткізіледі: колледжге түсуші талапкерлер мен 1-курс студенттері өздерінің кәсіби таңдауын, мотивациясын және таңдаған жұмысшы мамандығы бойынша болашағын баяндап, қысқаша бейнеролик түсіреді. Қатысушылар жеке оқиғаларымен бөлісіп, бұл мамандықтың олар үшін неге маңызды екенін және алдағы мақсаттары қандай екенін түсіндіреді.

Байқаудың ұйымдастырушысы – ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Бейнежұмыстарды қабылдау 20 тамызға дейін жалғасады.

Қатысу үшін мемлекеттік немесе орыс тілінде ұзақтығы 60 секундтан аспайтын қысқа вертикалды бейнеролик

ностям, расширению вовлеченности в мероприятия Года рабочих профессий, укреплению общественного уважения к труду и прикладному образованию.

Мероприятие ориентировано на абитуриентов колледжей – выпускников 9 и 11 классов, студентов-первокурсников, а также родителей, педагогов и наставников, которые играют ключевую роль в профориентации молодежи.


Конкурс проводится в формате медиачелленджа: абитуриенты колледжей и студенты 1 курса записывают короткое видео, в котором рассказывают о своем профессиональном выборе, мотивации и будущем в выбранной рабочей специальности. Участники делятся личными историями, объясняют, почему именно эта профессия для них важна, и какие цели они ставят перед собой.

Организатор конкурса – Министерство просвещения РК.

Прием видеоработ открыт до 20 августа.

Для участия необходимо записать короткое вертикальное видео (до





*Міндетті шарт – 2025 жыл –
**Жұмысшы мамандықтар
жылының таңбасын пай-
далану.***

*Обязательное условие – ис-
пользование логотипа **Года
рабочих профессий-2025.***

түсіру қажет. Онда қатысушы таңдаған мамандығы туралы айтып, бұл жолды таңдауға не шабыттандырғанын және алдағы мақсаттарын баяндауы тиіс.

Бейнероликте қатысушының тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері, оқу орны және таңдаған мамандығы көрсетілуі қажет.

Бейнероликтер әлеуметтік желілерде ресми хэштегтермен жарияланады:

- #ЖұмысшыМамандықтарЖылы2025,
- #МенЖұмысшыМамандықТаңдаймын.

Сонымен қатар ұйымдастырушылардың аккаунттары белгіленуі тиіс:

- @godrp,
- @oqu_agartu_ministrlygi,
- TikTok: @mamanfest.kz.

Конкурс аясында номинациялар мен естелік сыйлықтар қарастырылған. Ең үздік бейнероликтер министрліктің ресми ресурстары арқылы кең аудитория назарына ұсынылады.

60 секунд) на государственном или русском языке, в котором участник делится своим выбором профессии, рассказывает, что вдохновило его на этот путь и какие цели он ставит перед собой.

В ролике должны быть указаны ФИО участника, населенный пункт, колледж, а также выбранная специальность.

Видео размещается в социальных сетях с официальными хэштегами:

- #ГодРабочихПрофессий2025
- #ЯВыбираюРабочуюПрофессию
- и отметкой аккаунтов организаторов:
- @godrp
- @oqu_agartu_ministrlygi,
- TikTok: @mamanfest.kz.

В рамках конкурса предусмотрены номинации и памятные подарки. Лучшие видеоработы будут представлены широкой аудитории через официальные ресурсы ведомства.



ЖАҢА БІЛІМ МЕН ТАНЫМҒА ҚАДАМ

Болашақ бірінші сынып оқушылары үшін **«Балақайлар мектебі» бағдарламасы** аясында 90 мыңға жуық бала мектепалды даярлықтан өтеді.

Жазғы демалыс кезеңінде болашақ бірінші сынып оқушыларына тең бастау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі қысқа мерзімді даярлық бағдарламасы – «Балақайлар мектебі» жүзеге асырылуда.

«Жазғы екі ай ішінде өткізілген мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді курстары шамамен 25 мың баланы қамтыды. Оқыту мерзімі бір айға жоспарланған. Сабақтар күн сайын өткізіледі, әрқайсысының ұзақтығы – 30 минут, арасында 10 минуттық үзіліс



Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген және мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Бұл бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі бағыттары бойынша балаларды мектепке дайындауға мүмкіндік береді.

қарастырылған. Білім беруді бастауыш сынып мұғалімдері немесе мектепалды даярлық топтарының білікті педагогтері жүргізеді.

Балалардың физикалық, коммуникативтік, зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ мектептегі білім алуға жағымды көзқарас қалыптастыруға ерекше назар аударылады», – деп мәлімдеді Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры **Манар Адамова**.

2025 жылдың тамыз айында қосымша 5,3 мыңға жуық топ ашылып, 65,2 мың баланы қамту жоспарланып отыр.

Осылайша, ағымдағы жылдың жаз мезгілінде қысқамерзімді мектепке даярлық курстарымен шамамен 90 мыңға жуық бала қамтылады.



«Балақайлар мектебі» бағдарламасын ұйымдастыру бұрын балабақшаға бармаған балалардың мектепке дейінгі білімге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ШАГ К НОВЫМ ЗНАНИЯМ И ОТКРЫТИЯМ



Почти 90 тыс. детей пройдут предшкольную подготовку для будущих первоклассников – в стране реализуется **Программа «Балақайлар мектебі»**.

В период летних каникул для обеспечения равных стартовых возможностей будущих первоклассников организована краткосрочная Программа перед началом школьного обучения «Балақайлар мектебі».

«Краткосрочные курсы предшкольной подготовки за два летних месяца охватили около 25 тыс. детей. Срок обучения рассчитан на один месяц. Занятия проходят ежедневно по 30 минут с 10-минутными перерывами.

Программа разработана в соответствии с **Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения**, обеспечивает преемственность между дошкольным образованием и начальной школой. Она позволяет подготовить детей к обучению в школе по всем направлениям типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения.



Обучение проводят квалифицированные учителя начальных классов или педагоги дошкольных групп.

Особое внимание уделяется развитию физических, коммуникативных, интеллектуальных, творческих и социально-эмоциональных навыков, а также формированию позитивного отношения к школьному обучению», – сообщила директор Департамента дошкольного образования Министерства просвещения **Манар Адамова**.

В августе планируется организовать еще около 5,3 тыс. групп с охватом 65,2 тыс. детей.

Таким образом, летом текущего года краткосрочными курсами предшкольной подготовки будут охвачены почти 90 тыс. детей.



Организация работы «Балақайлар мектебі» обеспечивает доступ к дошкольному образованию для детей, не посещавших ранее детские сады.

АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС



ЧЕСТНЫЙ ГРАЖДАНИН – ЧЕСТНЫЙ ТРУД – ЧЕСТНЫЙ ДОХОД

2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап барлық білім беру ұйымдарында **«Адал Азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы** іске қосылады.

Жаңа оқу жылынан бастап тәрбие жұмысы еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында, соның ішінде жекеменшік мекемелерде де, «Адал азамат» бірыңғай бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

С 1 сентября во всех организациях образования стартует **Единая программа воспитания «Адал Азамат»**.

С нового учебного года воспитательная работа во всех организациях образования, включая частные, будет строиться на основе Единой программы «Адал азамат».

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңартылып, оған **«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт»** атты жалпыұлттық құндылықтар негізінде алынды.

По поручению Главы государства в 2024 г. Программа «Біртұтас тәрбие» обновлена с учетом общенациональных ценностей **«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» – «Справедливый Казахстан – Честный гражданин – Передовая нация»**.

2025 жылғы 14 наурызда өткен IV Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы қатысушылардың бағдарламаны «Адал азамат» деп қайта атау жөніндегі ұсынысын қолдады. Бұл жаңа атау бағдарламаның басты мақсатын – патриот, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеуді айқындай түседі.

Екі жыл ішінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында білім беру ұйымдарында тәрбие берудің бірыңғай экожүйесі қалыптасты. Ол 6 негізгі бағыт пен 77 нақты қадамды қамтиды. Сонымен қатар, бұл жұмысқа сынып жетекшілері, ата-аналар мен психологтар сынды кең ауқымды қамтитын қатысушылар тартылды.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бағдарлама үйлестірушісінің мәліметінше, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен бұл бағдарлама ресми түрде жаңа атаумен бекітілді.

14 марта 2025 г. на IV Национальном курултае Президент поддержал предложение участников о переименовании программы в «Адал азамат». Это новое название подчеркивает ключевую цель программы – воспитание патриотичного, образованного, созидательного поколения.

За два года реализации Программы «Біртұтас тәрбие» удалось создать единую экосистему воспитания в организациях образования, охватывающую 6 ключевых направлений и 77 шагов, а также привлечь широкий круг участников, включая классных руководителей, родителей и психологические службы.

Согласно информации координатора программы Национальной академии образования им. Ы. Алтынсарина, Приказом Министерства просвещения от 26 мая 2025 г. №123 программа официально утверждена под новым названием.

Бұл – осыған дейін жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының заңды жалғасы. Алайда мазмұның жаңа атауы да Мемлекет басшысының идеологиялық тұжырымдамасына сай өзгертілді – **«Адал Азамат – Адал еңбек – Адал табыс»**.

Это логичное продолжение ранее действовавшей Программы «Біртұтас тәрбие», но с обновленным содержанием и названием, соответствующей идеологической концепции Главы государства **«Адал Азамат – Адал еңбек – Адал табыс»**.

Тәрбие жүйесі **жалпыұлттық құндылықтарға** негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы әріптестікті нығайтады.

Система воспитания строится на **общенациональных ценностях** и усиливает партнерство школы, родителей и общества.



Бағдарламаның басты мақсаты – адал әрі еңбекқор азаматты тәрбиелеу.

Мұндай стандарттар алғаш рет жеке-меншік мектептер үшін де міндетті болады. Бұл бүкіл ел бойынша тәрбие жұмысының бірыңғай талаптармен жүргізілуін қамтамасыз етіп, барлық білім беру ұйымдарында тең жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Барлық мектептер үшін **Бірыңғай визуалды стандарт** әзірленетін болады. Интерьер мен экстерьер ұлттық тәрбие құндылықтары мен мәдениетті бейнелейтін білім беру кеңістігінің атмосферасын қалыптастыратындай кеңейтіледі.

Тәрбие үдерісіне қатысушы барлық тараптардың үйлесімді іс-әрекетіне ерекше мән беріледі. Мектептегі жұмыс жергілікті атқарушы органдармен, құқық қорғау құрылымдарымен, денсаулық сақтау және ішкі саясат саласының өкілдерімен тығыз байланыста жүргізілетін болады.

Әр айдың тақырыбы оқу мен сыныптан тыс іс-шараларды өзара сабақтастыра отырып ұйымдастырылады. Мәселен, әділет, еңбекқорлық, отансүйгіштік сияқты құндылықтар негізгі мазмұнды құрайды. Осы мақсатта білім беру үдерісіне мынадай жаңа форматтар енгізіледі:

- «Өнегелі 15 минут» тәрбие сағаттары;
- қоңырау орнына ұлттық күйдің шырқалуы;
- ұлттық ойындар.

Бұған дейін жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында алты ірі жоба қолға алынған болатын:

- ✓ «Қамқор» (экология мен еріктілер қызметі);

Главная цель программы – воспитать честного и трудолюбивого гражданина.

Впервые такие стандарты будут обязательны и для частных школ. Это позволит создать равные условия и обеспечить воспитательную работу по одним требованиям во всех уголках страны.

Для всех школ будет разработан **Единый визуальный стандарт**. Интерьеры и экстерьеры будут оформляться так, чтобы атмосфера образовательного пространства отражала национальные воспитательные ценности и культуру.

Особое внимание уделяется координации всех участников воспитательного процесса. Работа в школах будет выстраиваться во взаимодействии с органами власти, правоохранительными органами, службами здравоохранения и внутренней политики.

Каждая тема месяца будет логично связывать уроки и внеурочные мероприятия: справедливость, трудолюбие, патриотизм и т. д. Для этого в учебный процесс вводятся такие форматы, как:

- «Өнегелі 15 минут»;
- звонок в виде кюя;
- национальные игры.

Ранее в рамках прежней Программы «Біртұтас тәрбие» уже были реализованы шесть крупных проектов:

- ✓ «Қамқор» (экология и волонтерство);
- ✓ «Еңбегі адал – жас өрен» (мотивация к труду и ориентация на профессию);
- ✓ «Smart Bala» (поддержка IT и инновационного мышления);

Тәрбие жүйесі **жалпыұлттық құндылықтарға** негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы әріптестікті нығайтады.

Отдельный акцент будет сделан на **расширении опыта учащегося за пределами класса**.

Бірыңғай тәрбие «Адал Азамат» бағдарламасы – барлық балаларды қамтитын, стратегиялық маңызы бар ұзақмерзімді ұлттық құжат. Ол тек білім беру ұйымдарында ғана емес, барлық мемлекеттік мекемелерде жүргізілетін тәрбие жұмысының негізіне айналады.

- ✓ «Еңбегі адал – жас өрен» (еңбекке баулу мен кәсіби бағдар беруге ынталандыру);
- ✓ «Smart Bala» (IT саласы мен инновациялық ойлауды қолдау);
- ✓ «Шабыт» (өнер мен мәдениет арқылы рухани даму);
- ✓ «Ұшқыр ой алаңы» (пікірсайыс пен зияткерлік ойындары);
- ✓ «Балалар кітапханасы» (оқу сауаттылығы мен кітап оқу мәдениетін арттыру).

Сонымен қатар, **профилактикалық жобалар** өз жұмысын жалғастырады: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»;

- «Буллингтен қорған!»;
- «Қауіпсіз қоғам».

Олар балалар үшін буллингтің, құқықбұзушылықтың және басқа да қауіптердің алдын алуға бағытталған.

Бағдарламаны дамыту бірнеше кезеңнен тұрады.

➢ 2025 жылы жекеменшік мектептермен белсенді ынтымақтастық орнату жоспарланып отыр, бұл тәрбие процесіне барлық қатысушыларды тартуды қамтамасыз етеді.

➢ 2026 жылы бағдарлама аясын қоғамда кеңінен таратуға бағытталған шаралар қабылданады. Сонымен қатар, «Адал азамат» тұжырымдамасының құндылықтарын бейнелейтін мектептерге арналған **Бірыңғай дизайн-коды** әзірленеді.

Бағдарлама аясында мектеп жанынан **ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары** ашылып, өңірлерде **психологиялық қолдау көрсету орталықтары** құрылды.

Бағдарламаға негіз болған жалпыұлттық құндылықтар білім беру үдерісіне толықтай кіріктірілді. Олар пәндердің мазмұнына, сынып сағаттарына және сыныптан тыс іс-шараларға енгізіліп, балаларды білім берудің барлық деңгейінде жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке және адалдыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Единая программа воспитания «Адал Азамат» – это долгосрочный общенациональный документ стратегического значения, охватывающий всех детей. Она станет основой воспитательной работы не только в организациях образования, но и во всех государственных учреждениях.

- ✓ «Шабыт» (духовное развитие через искусство и культуру);
- ✓ «Ұшқыр ой алаңы» (дебаты и интеллектуальные игры);
- ✓ «Балалар кітапханасы» (повышение грамотности и книжной культуры).

При этом продолжат работу и **профилактические проекты:**

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»;
- «Буллингтен қорған!»;
- «Қауіпсіз қоғам».

Они нацелены на предупреждение буллинга, правонарушений и других рисков для детей.

Развитие программы включает несколько этапов.

➢ В 2025 г. планируется активное сотрудничество с частными школами, обеспечивая вовлечение всех участников процесса.

➢ В 2026 году будут приняты меры для масштабного распространения программы в обществе. Кроме того, будет разработан **Единый дизайн-код для школ**, отражающий ценности Концепции «Адал азамат».

В рамках программы при школах открыты **центры педагогической поддержки родителей**, а в регионах созданы **центры психологической поддержки**.

Общенациональные ценности, заложенные в программе, интегрированы в образовательный процесс. Они отражены в содержании предметов, классных часов и внеклассных мероприятий, что позволяет воспитывать детей в духе ответственности, трудолюбия и честности на всех уровнях образования.



БЕЙЖАЙЛЫҚ ПЕН НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ – БУЛЛИНГКЕ БАСТАЙТЫН ЖОЛ

А. Х. Мұхтаров,
ф. ф. к., жетекші ғылыми қызметкер,
«Өркен» балалар әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық институты,
Алматы қ.



БЕЗРАЗЛИЧИЕ И РАВНОДУШИЕ – ПУТЬ К БУЛЛИНГУ

А. Х. Мұхтаров,
к. филол. н., в. н. с.,
Национальный научно-практический
институт благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – баланың **табысты әлеуметтенуі**. Баланың әлеуметтік бейімделу жұмыстары балабақшаның кіші тобынан басталуы тиіс.

Өкінішке орай, мектептің тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар баланың психикалық денсаулығы бұзылатын, әлеуметтенуі қиындайтын, психологиялық жарақаттар алатын кеңістікке айналған кездері де жиі кездесетінін мойындау керек. Егер олай болмаса, мектептегі зорлық-зомбылық мәселесі мұншалықты өзекті болмас еді...

Мектептердегі буллинг мәселесін нақтырақ көрсету және тереңірек түсіну үшін халықаралық тәжірибеге жүгіну қажет. Көптеген елдерде зорлық-зомбылық түрлеріне психологиялық және физикалық қысыммен қатар, құрдастары тарапынан қорқыту, этникалық, жыныстық, діни белгілері бойынша, сондай-ақ мектеп қызметкерлерінің «тәрбиелік мақсатта» дауыс көтеруі, қол жұмсауы немесе «бағынбайтын» балаларды көпшілік алдында қорлау жағдайлары жатады.

Өкінішке орай, кейбір жазалау түрлері мұғалімдер тарапынан тәртіпті жақсарту мақсатында қолданылып жатады. Бұл әрекеттер ресми түрде физикалық зорлық-зомбылыққа жатпаса да, олар аз зерттелген және жиі назардан тыс қалып жатады. Алайда, мұндай көріністерге көз жұмуға болмайды! Мәселенің нақты ауқымын білмесек те, мектептерде мазақ ету, қорлау және қорқыту жағдайлары орын алатыны

Қазіргі мектептің ең күрделі мәселелерінің бірі – **балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық (қорқыту, буллинг)**. Бұл қауіпті әлеуметтік құбылыс Қазақстанда ғана емес, **бүкіл әлемде** байқалады. Балалар, жасөспірімдер мен жастар түрлі мекемелерде – отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орнында немесе әскерде – зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлеріне ұшырауы мүмкін. Зардап шеккендердің де, агрессорлардың да болашағына қауіп төнеді. Мұндай жағдайда екі тарапқа да кәсіби психологиялық көмек қажет.

Сегодня одна из важнейших задач, стоящих перед обществом, – **успешная социализация ребенка**. Работа по социальной адаптации ребенка должна начинаться с младшей группы детского сада.

К большому сожалению, следует признать, что нередко случаи, когда школа становится не только местом обучения, но и пространством, где нарушается психическое здоровье ребенка, затрудняется его социализация, наносятся психологические травмы и т. д. В противном случае проблема школьного насилия не стояла бы так остро...

Чтобы точнее обозначить и глубже понять проблему травли (буллинга) в школах, необходимо обратиться к международному опыту. Во многих странах к видам насилия относятся как психологическое и физическое давление, так и запугивание со стороны сверстников, притеснение по признакам этнической, половой, религиозной принадлежности, а также случаи, когда школьные сотрудники в «воспитательных целях» прибегают к повышению голоса, рукоприкладству или публичному унижению «непослушных» детей.

Некоторые формы наказания, применяемые учителями якобы в целях улучшения дисциплины, хотя формально и не считаются физическим насилием, остаются малоизученными и зачастую игнорируются. Однако закрывать глаза на такие проявления недопустимо! Даже если мы не знаем точного масштаба проблемы, всем известно, что в школах имеют место случаи издевательств, унижений и запугиваний. Подобные инциденты могут

Одна из наиболее серьезных проблем современной школы – **насилие (травля, буллинг) в детско-подростковой среде**. Это опасное социальное явление наблюдается не только в Казахстане, но и во всем мире. Дети, подростки, молодые люди могут подвергаться различным формам насилия в семье, детском саду, школе, вузе, армии. Нормальное будущее как жертв травли, так и агрессоров оказывается под угрозой. И тем, и другим требуется серьезная психологическая помощь...



Адамзат тарихында зорлық-зомбылық әрдайым өте жағымсыз және жойқын құбылыс ретінде қарастырылып келді. Бірақ, өкінішке орай, адамзат дәрежелік пен қатыгездіктен ада, мінсіз қоғам құра алмады. Өкініштісі сол, зорлық-зомбылықтың құрбандары көбінесе әлсіздер болып жатады...

бәріне мәлім. Мұндай оқиғалар мектеп аумағында да, мектепке барар жолда немесе үйге қайтар жолда, мерекелік немесе басқа да мектеп іс-шаралары кезінде орын алуы мүмкін...

Әйелдер мен балалар жиі қорлық көріп, жағдайдың құрбанына айналып жатады. Бұл – ешбір жағдайда өз бетімен кетуіне жол беруге болмайтын мәселе. Оны әрбір саналы адам түсінеді. Бірақ бұл жерде күрделі сұрақтар туындайды: «Зорлық-зомбылықты қалай тоқтатуға болады? Оның алдын қалай алуға болады?»

Жауап іздемес бұрын мынаған ой жүгірткен жөн: бұл мәселе дәстүрлі қазақ қоғамында қалай шешілген? Қазақ жерінде зорлық-зомбылық пен қудалау болған ба? Менің ойымша, сол жылдары мұндай жағымсыз құбылыстар болмаған деп сенімді түрде айтуға болады. Ол кезде қазақ ауылында – бәрі бір-біріне туыс, бір рудан шыққан ықшам қауымдастықта өмір сүрді. Мұн-

происходить как на территории школы, так и по пути в нее или по дороге домой, во время праздничных или других школьных мероприятий...

Женщины и дети нередко подвергаются унижениям и страданиям, становясь заложниками обстоятельств. Это проблема, которую ни в коем случае нельзя пускать на самотек, – это понимает каждый здравомыслящий человек. Но тут возникают трудные вопросы: «Как остановить насилие? Как его предотвратить?»

Прежде чем искать ответы, стоит задуматься: как в прошлом решалась эта проблема в традиционном казахском обществе? Были ли насилие и травля на казахской земле? Думаю, можно с уверенностью сказать: в те годы таких негативных явлений не было. Тогда казахи жили аулом – компактным сообществом, где все были родственниками, происходили из одного рода. В таких условиях важнейшей ценностью считалось семейное согласие. Люди росли вместе, как братья и сестры, уважая и поддерживая друг друга. В такой среде не могло быть места агрессии, запугиванию, унижению. Напротив, каждый чувствовал защиту и заботу со стороны окружающих.

Выходит, наши предки давно нашли ответ на вопрос предотвращения насилия. Однако сегодня такую модель

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында: **«Ешкім азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездік немесе адам қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекетке немесе жазалауға ұшырамауы тиіс»** деп нақты жазылған. Бұдан бөлек, білім беру жүйесіне қатысты құжаттарда да бұл тақырып назардан тыс қалмайды: оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы басымдықтар қатарында мыналар көрсетілген:

- ✓ оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету;
- ✓ бала тұлғасына құрмет пен сенім;
- ✓ балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- ✓ дискриминацияға жол бермеу.

Сонымен қатар, ҚР Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығымен «Балалар арасындағы буллингтің (қорқытудың) алдын алу қағидаларын бекіту туралы»** қабылданды.

В статье 17 Конституции Республики Казахстан четко прописано: **«Никто не должен подвергаться пыткам, насилию, другому жестокому или унижающему человеческое достоинство обращению либо наказанию»**. Кроме того, в документах, касающихся системы образования, эта тема также не остается без внимания: среди приоритетов в организации учебно-воспитательного процесса указаны:

- ✓ обеспечение благополучия учащихся;
- ✓ уважение и доверие к личности ребенка;
- ✓ защита прав и законных интересов детей;
- ✓ недопущение дискриминации.

Также был принят Приказ Министерства просвещения РК №506 от 21 декабря 2022 г. **«Об утверждении Правил профилактики буллинга (травли) среди детей»**.



дай жағдайда отбасылық келісім ең маңызды құндылық болып саналды. Адамдар бір-бірін құрметтеп, қолдап, аға-іні, әпке-қарындастай болып бірге өсті. Мұндай ортада агрессияға, қорқытуға, қорлауға орын болмады. Керісінше, әркім өзін айналасындағылардың қорғауы мен қамқорлығын сезінді.

Демек, біздің ата-бабаларымыз зорлық-зомбылықтың алдын алу сұрағына жауапты бұрыннан тапқан екен. Алайда, қазіргі таңда бұл үлгіні жүзеге асыру мүмкін емес – барлық туыстарды бір ауылға жинау енді мүмкін болмайды...

Зерттеулерге сәйкес, бүгінгі таңда зорлық-зомбылықтың барлық себептері мен нысандарын толық түсіндіретін бірыңғай, толыққанды теория жоқ. Алайда, оның кенеттен пайда болмайтыны анық: ешкім агрессор немесе зорлықшы болып туылмайды. Осыдан заңды сұрақ туындайды: неліктен кейбір балалар айналасындағыларға, оның ішінде жақындарына қатыгездік танытады? Мұндай мінез-құлықтың себептері әртүрлі болуы мүмкін. Олардың арасында мыналарды атап өтуге болады:

- тәрбиедегі қателіктер;
- отбасындағы нашақорлық пен алкогольизм;
- отбасы мүшелері арасындағы түсінбеушілік пен қақтығыстар;
- баладағы психикалық бұзылыстар;
- әлеуметтік және қаржылық қиындықтар (жұмыссыздық, материалдық мәселелер);
- рухани және моральдық деңгейдің төмендігі;
- жазасыз қалу;
- БАҚ әсері және т.б.

Мектептердегі буллингті азайту және оның алдын алу үшін келесі шараларды қолдану қажет:

- қорқытудың алдын алу бағдарламаларын енгізу;
- ата-аналарды белсенді тарту;
- тәртіптік әдістерді қолдану;
- әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту;
- балалардың мінез-құлқын үнемі бақылау және т.б.

Мектептер жанынан ашылған Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары (АПҚО) жұмысы аясында буллинг және жалпы тәрбие мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Балалардың мінез-құлқына қатысты мәселелерге жеңіл қарауымыз олар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін ауыр және

На протяжении всей истории человечества насилие рассматривалось как крайне негативное и разрушительное явление. Но человечество, увы, так и не смогло построить идеальное общество, свободное от грубости и жестокости. К сожалению, чаще всего жертвами насилия становятся те, кто слабее...

Бала мен ересектер әлемінің бөлектенуі жиі ашық жарияланады, тіпті

Все как на войне. Однако на войне, как правило, сильнейший выигрывает. Здесь в проигрыше обе стороны – победы быть не может. «Холодная война», по мере того как дети взрослеют и начинают отрицать мораль послушания, переходит в «горячую». Силы сторон уравниваются: на грубость – грубостью, на злорадство – злорадством. Педагогический крах оборачивается крахом семьи...

когда беспомощные родители в свою очередь будут вынуждены подчиниться морали послушания, которую сумеют преподнести им вошедшие в силу и сохранившие бойцовские качества дети.

Мирное сосуществование. Здесь все выглядит вполне благопристойно. У каждого свои дела, свои проблемы, свои трудности и успехи. Родители работают, дети учатся, у каждого своя сфера, своя отрасль деятельности. Никто не переходит демаркационную линию, могут быть лишь недоразумения. И казалось, такой тип отношений в семье надо только приветствовать. Бывает, что родители даже испытывают гордость, поддерживая такой нейтралитет...

Обособленность миров ребенка и взрослых нередко буквально декларируется, под это даже подводится «педагогический» фундамент: пусть рас-



бұған «педагогикалық» негіз де қала-нады: «өзіне-өзі сенімді, тәуелсіз, еркін болып өссін». Бұған қалай қарауға бо-лады?

Әрине, отбасылық жағдайлар әртүр-лі болады. Бірақ көбінесе мұндай қарым-қатынас түрінің негізінде – тәр-биешінің пассивтілігі, ол белсенді ара-ласудан жалтарады, жасөспіріммен жайлы және рухани шығынды талап ет-пейтін қатар өмір сүруді таңдайды.

Нәтижесі қандай?

тет самостоятельным, независимым, раскованным, свободным. Как к этому отнестись?

Бывают, разумеется, разные семей-ные обстоятельства. Но чаще всего в основании этого типа взаимоотноше-ний – пассивность воспитателя, кото-рый уклоняется от активного вмеша-тельства, предпочитая комфортное и не требующее душевных затрат сосу-ществование с подростком.

Каков же результат?

Ата-аналар жекешілдік жолына түсіп, оның ащы жемісін көреді. Отбасы бала үшін тар-тылыс орталығы, эмоционалды магнит, отбасылық ошақ ретінде өмір сүрмейді. Туыста-рының өмірі, олардың қуаныштары мен қайғы-қасіреті ол үшін қалыпты және ерте ме, кеш пе, қиын сәт (бақытсыздық, ауру, тұрмыстық қиындықтар) туындаған кезде, одан жанашырлық, жалпы отбасылық мәселелерге араласу, жылы сезімдер талап етіледі және ол бұған толықтай қабілетсіз екендігіне көз жеткізеді. Олар ұлының немесе қызы-ның сәтсіздігіне қатты шағымданады, бірақ бұл – қалыптасқан отбасылық қарым-қа-тынас жүйесінің сәтсіздігі екенін түсінбейді...

Став на путь формирования индивидуалиста, родители пожинают горькие плоды ин-дивидуализма. Семья как центр притяжения, как эмоциональный магнит, как семей-ный очаг для ребенка не существует. Жизнь родных, их радости и невзгоды для него за семью печатями. И рано или поздно наступит критический момент (беда, болезнь, жи-тейские трудности), когда от него потребуют и участия, и включения в общесемейные проблемы, и добрых чувств, и убедятся в его полной неспособности ко всему этому. Они будут горько сетовать по поводу несостоятельности сына или дочери, не отдавая себе отчета в том, что это – несостоятельность сложившейся системы семейных отно-шений...

Ынтымақтастық. Отбасылық тәр-биенің ең оңтайлы түрі – ынты-мақтастық. Дәл осы ынтымақтастық жағдайында баланың индивидуализмі жеңіліп, ұжымдық қасиеттері қалып-тасады, отбасы ерекше қасиетке ие болып, ерекше типтегі топқа, ұжымға айналады.

Егер біз балаларымыздың бізге жақын, етене болуын қаласақ, ең басты қағида – оларды ересек адамның қуа-нышы мен қайғысынан оқшауламау. Керісінше, олар тек бақылаушы емес, сол сәттердің тікелей қатысушысы бо-луға тиіс.

– Күйеуім күрделі отаға жатқалы жа-тыр. Жағдайы өте ауыр. Жүрегі де әл-

Сотрудничество. Оптимальный вид тактики семейного воспитания – со-трудничество. Именно в ситуации со-трудничества преодолевается индиви-дуализм ребенка, формируются черты коллективиста, семья обретает особое качество, становится группой особого типа, превращается в коллектив.

Если мы хотим, чтобы наши дети стали ближе, роднее, то первое пра-вило – не ограждать их от горестей и радостей взрослого человека, а делать не только их свидетелями, но и прямы-ми их участниками. Причем идти на это как можно раньше, прямо и смело, давая доступные (с учетом возраста) разъяснения.



Бәрі бірге болуы керек: қуаныш та, қайғы да, көз жасы да, күлкі де. Бірге өткізген қиындықтар, үміттер, армандар – осының бәрі отбасын біріктіреді, оның іргетасын нығайтады.

Все должно быть вместе: и радость, и горе, и слезы, и смех. Совместные переживания, надежды, мечты – все это сплачивает семью, укрепляет ее основы.

сіз... Балама айту керек пе, жоқ па? Күйеуім қажеті жоқ, іссапарға кетті дей сал, уайымдамасын, әлі кішкентай дейді. Не істеу керек?

Айту керек, міндетті түрде айту керек! Дұрыс сөз табуға тырысып, баланы қорқытпай, жағдайды ауырлатып көрсетпей, үміт бар екенін айтып, бәрі жақсы болады деген сеніммен бөлісу қажет. Бірақ қандай жағдай болса да, оны белгісіздік пен бейхабарлықта қалдыруға болмайды. Иә, уайымдайды, мүмкін, жылайды да. Бірақ ол – осы отбасының толыққанды мүшесі. Оның да өз құқықтары мен міндеттері бар...

Балаларыңызды өмірден жасырмаңыздар!

– Муж ложится на операцию. Очень серьезную. А сердце у него... Сказать сыну или нет? Муж говорит не надо. Скажи, мол, в командировку уехал, не надо ему волноваться, мал еще. Как быть?

Сказать, обязательно сказать! Найти необходимые слова, не запугивать, не сгущать, конечно, краски, обязательно поделиться своими надеждами на благополучный исход, но ни в коем случае не оставлять в неведении. Будет волноваться, может быть, плакать? Ну что же, он – член семьи, со своими правами, обязанностями...

Не прячьте детей от жизни!



КИНО МЕН МУЛЬТФИЛЬМДЕРДЕГІДЕЙ ЖАЗ МЕЗГІЛІ:

ТАМАША ДЕМАЛЫСТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІЛЕРІ

Жаз – бұл әр сәті жарқын түстерге, күлкі мен шынайы шытырман оқиғаларға толы, сүйікті фильм немесе мультфильмнен үзінді сияқты. Жаздың ыстық күндерінде кинодағыдай өмір сүргің келеді: жаңбыр астында билеу, жағажайда жалаң аяқ күннің батуын тамашалау немесе қала сыртында, саяжайда достарыңмен табиғатта демалу...

**«Арыстан патша» және
«Акуна Матата»: жаның рахат
табатын жерде серуенде!**

«Арыстан патша» мультфильміндегі аты аңызға айналған сәт есіңізде ме? Симба, Тимон мен Пумба «Акуна Матата» әнін шырқайтын көрініс. Міне, бұл – жаздың шынайы болмысы. Жеңілдік, достық және осы сәтті толық қабылдау – мінсіз демалыстың әмбебап формуласы.


Неге осындай өмір философиясын өз демалысыңызға негіз етпеске? Достарыңызды жинап, тауға, орманға, өзен не көл жағасына, тіпті жақын маңдағы саябаққа аттаныңыз. Бұл жай ғана серуен немесе аяқасты ұйымда-

Лето – это словно оживший кадр из любимого фильма или мультфильма, где каждый момент наполнен яркими красками, смехом и настоящими приключениями. В жаркие летние дни особенно хочется жить по-киношному: танцевать под дождем, ловить закат босиком на пляже или устраивать пикники с друзьями за городом или на даче...

**«Король Лев» и «Акуна Матата»:
гуляйте, где душа радуется!**

Помните легендарный эпизод из «Короля Льва», когда Симба, Тимон и Пумба поют «Акуна Матата»? В этом моменте вся суть лета. Легкость, дружба и полное принятие настоящего момента, универсальный рецепт идеального отдыха.

Почему бы не взять на вооружение такую философию? Соберите друзей, отправляйтесь в горы, лес, на берег реки, озера или просто в ближайший парк. Пусть это будет прогулка, пикник или спонтанная вылазка. Главное, чтобы рядом были близкие люди, свежий воздух и немного авантюрного духа.



ЛЕТО, КАК В КИНО И МУЛЬТФИЛЬМАХ:

ВДОХНОВЛЯЮЩИЕ ПРИМЕРЫ
ДЛЯ ИДЕАЛЬНОГО ОТДЫХА



стырылған шағын саяхат болуы мүмкін. Ең бастысы жаныңызда жақын адамдарыңыз, таза ауа және аздаған шытырман көңіл күй болсын.

«Mamma Mia!»: жағажай, музыка және жұлдыз астындағы бақыт

Бұл фильм – жазғы көңіл күйдің нағыз шоғырланған көрінісі. Көз алдыңызға елестетіңізші: көгілдір теңіз, ақ үйлер, шуақты күн, танымал әуендермен би және таңға дейін жалғасатын кештер. Күнделікті күйбең тірліктен қашып, еркіндікке, музыка мен жан жылуына

Жаз – өзіңіздің «Mamma Mia!» нұсқаңызды жасауға таптырмас уақыт. Достарыңызды ертіп, жағажайға, саяжайға немесе көл жағасына жол тартыңыз. Біршама импровизация қосыңыз: шағын колонка, жеңіл тіскебасарлар, түрлі-түсті жамылғылар және, әрине, сүйікті жазғы әндеріңіз. Кенеттен басталған билер, шын көңілден шыққан күлкі мен жұлдызды аспан астындағы ұзақ әңгімелер – кейін сағынышпен еске алатын тамаша сәттерге айналатыны сөзсіз.

«Mamma Mia!»: пляж, музыка и счастье под звездами

Этот фильм – квинтэссенция летнего настроения. Представьте: бирюзовое море, белые домики, теплое солнце, танцы под хиты и вечеринки, которые длятся до самого рассвета. Именно так выглядит идеальный летний побег от повседневности: полный музыки, свободы и душевного тепла.

Летняя магия может случиться где угодно. Как в фильме, все начинается с простого – собрать тех, с кем тепло, душевно и уютно, и позволить лету творить чудеса.

Шрек и грязевые ванны

Шрек, может, и сказочный огр, но в его любви к грязевым ваннам есть своя мудрость. Этот мультяшный ритуал – вполне реальный способ восстановить силы и оздоровить тело. Грязевые процедуры – популярный летний оздоровительный тренд, особенно в местах, богатых природными ресурсами.

Если вы ищете способ совместить отдых с пользой, обратите внимание на курорты с лечебной грязью. Один из таких – озеро Алаколь, известное своими целебными свойствами. Здесь грязевые ванны – часть местной культуры и натуральный способ перезагрузки организма. И пусть идея немного

Лето – идеальное время, чтобы устроить свою собственную версию «Mamma Mia!» Берите с собой друзей, отправляйтесь на пляж, в загородный дом или к озеру. Добавьте немного импровизации: портативная колонка, легкие закуски, яркие пледы и, конечно, любимые летние хиты. Спонтанные танцы, искренний смех и разговоры до ночи под звездным небом легко превращаются в те самые моменты, которые вы будете вспоминать с улыбкой.

толы мінсіз жазғы демалыс дәл осылай көрінеді.

Жазғы сиқыр кез келген жерде орын алуы мүмкін. Фильмдегідей, бәрі қарапайым нәрседен басталады – жаныңда жылы қарым-қатынаста болатын, жанға жайлы адамдарды жинау және жазға керемет сәттерді сыйлауға мүмкіндік беру.

Шрек және балшық ванналары

Шрек – ертегі кейіпкері, бірақ оның балшық ванналарына деген сүйіспеншілігінде өзіндік даналық бар. Бұл мультфильмдегі күлкілі көрініс шын өмірде де денсаулықты қалпына келтіретін, күш-қуатты арттыратын пайдалы тәсілге айналған. Әсіресе табиғи ресурстарға бай өңірлерде балшықпен емделу – жаз мезгілінде кең таралған сауықтыру түрі.

Егер демалысты пайдамен ұштастырғыңыз келсе, емдік балшығы бар шипажайларға назар аударыңыз. Солардың бірі – шипалы қасиетімен танымал Алакөл көлі. Мұнда балшықпен емделу – жергілікті мәдениеттің бір бөлігі әрі ағзаны табиғи жолмен қалпына келтірудің тамаша тәсілі. «Сәл кірлеу» демалыс идеясы таңсық көрінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде бұл – табиғи SPA-ның ең тиімді құпияларының бірі. Табиғи, көңілді және нағыз жазға лайық!

Миньондар мен тосап: құтыға сақталған тәтті жаз

«Гадкий Я» мультфильміндегі миньондардың тосап қайнатқаны есіңізде ме? Олар түрлі жидектермен жасаған көңілді тәжірибелер – қарапайым нәрсенің өзі нағыз сиқырға айналуы мүмкін екенін көрсетеді. Жаз – үйде тосап, джем, компот қайнатып, балғын жеміс-жидектерден дәмді қор жасауға арналған тамаша кезең.

Елестетіп көріңізші: қыстың суық күнінде хош иісті, үйде дайындалған тосаптың құтысын ашып, бір сәтте-ақ шуақты, шаттық пен күлкіге толы жазғы күндерге оралғандай боласыз. Бүгінгі күні тосап қайнату – тек әжелердің ісі емес. Бұл – уақытты шығармашылықпен өткізуге, өз даралығыңызды көрсетуге және үйді жаздың хош иіспен толтыруға мүмкіндік беретін сәнді әрі қызықты үрдіс. Оның үстіне, үйде дайындалған нәрсе әрқашан дәмдірек болады емес пе? Бұл жаз тек шытырман оқиғаларға ғана емес, сонымен қатар шығармашылық пен дәмге толы тәжірибелерге де арналсын.



«грязного» отдыха кажется необычной, на деле это один из самых эффективных природных СПА-секретов. Натурально, весело и по-летнему!

Миньоны и варенье: сладкое лето в банке

Помните, как миньоны из «Гадкий Я» варили джем? Их забавные эксперименты с ягодами – отличный пример того, как простые вещи могут стать настоящим волшебством. Лето создано для того, чтобы заняться домашними заготовками: варить джемы, варенье и компоты из свежих фруктов и ягод.

Представьте, как приятно будет зимой открыть баночку ароматного домашнего лакомства и сразу перенестись в жаркие летние дни, наполненные солнцем, радостью и улыбками. И забудьте стереотипы: варить варенье сегодня модно – это вовсе не занятие бабушек! Это творческий и даже стильный способ провести время, проявить свою индивидуальность и наполнить дом ароматами лета. Да и согласитесь, домашнее всегда вкуснее. Пусть это лето будет не только временем при-





**Отбасылық жылулық пен жазғы
үй шуағы**

Бүкіл отбасы бір дастарқан басында бас қосуы – ең қымбат дәстүрлердің бірі. Бұл – барлық күйбең тірлікті бір сәтке ұмытып, жақын жандармен бірге болуға, жазғы кештің шуағын, үй тағамының хош иісін және шын көңілден шыққан күлкіні бірге сезінуге мүмкіндік беретін ерекше сәт.

Жазғы отбасылық кешкі ас – әркім өзін маңызды, бағалы әрі сүйікті сезінетін ерекше атмосфера. Әр отбасы мүшесі өз үлесін қоссын: сүйікті тағамын дайындасын, өткеннен қызықты оқиғамен бөліссін немесе жай ғана жақсы көңіл күй сыйласын. Осындай бірлескен сәттер жүректе ұзақ сақталады және қыстың кештерінде жылулық сыйлайтын естеліктерге айналады. Әр отбасы мүшесінің қызығушылығы мен жоспарлары әртүрлі болса да, дәл осындай кездесулер бәрімізді біріктіріп, шынайы байлық – бірлік пен сүйіспеншілікте екенін еске салады.

Жаз – жай ғана жыл мезгілі емес, бұл – ашық аспан астындағы үлкен сахна. Мұнда әркім жарқыраған күн астында өз оқиғасының басты тұлғасы бола алады.

Армандаудан қорықпаңыз – өз фильміңіздің режиссері секілді қиялаңыз. Оқиғаның ойда жоқ бұрылыстары мен шығармашылық еркіндіктен шектелмеңіз. Жаз – сіздің өмір хикаяңыздағы ең жарқын тарау, мұнда әр күн – сценарийдің жаңа беті, ал сіз – еркіндігі шексіз, қалауыңызша бағыт таңдай алатын авторсыз...

ключений, но и сезоном творческих и вкусных экспериментов.

**Семейное тепло и летний
домашний уют**

Собираться за одним столом всей семьей – одна из самых ценных традиций. Это время, когда можно отложить все заботы и просто быть рядом с близкими, наслаждаясь теплым вечером, ароматом домашней еды и искренним смехом.

Летние семейные ужины – это особая атмосфера, где каждый чувствует себя нужным, ценным и любимым. Пусть каждый привнесет что-то свое: любимое блюдо, забавную историю из прошлого или просто хорошее настроение. Такое совместное времяпрепровождение помогает создать приятные воспоминания, которые будут согревать долгими зимними вечерами. Даже если у каждого члена семьи свои интересы и планы, именно такие встречи объединяют и напоминают, что настоящее богатство в общении и любви.

Лето – это не просто время года, это настоящая открытая сцена под открытым безоблачным небом, где каждый может выйти на свет прожекторов и стать главным героем своей истории.

Мечтайте так ярко, словно вы режиссер собственного фильма, не бойтесь импровизировать и искать неожиданные повороты сюжета. Лето – это активная глава вашей истории, в которой каждый день – новый лист сценария, а вы в нем автор с безграничной свободой выбора...





«SHYRAQ» –

КІШКЕНТАЙ ЖАРЫҚТЫҢ ҮЛКЕН ЕРЛІГІ

Кейде шынайы батырлар – ең кішкентай, ең қарапайым бейнеде болуы мүмкін. 2023 жылы түсірілген қазақстандық қысқаметражды «**Shyraaq**» атты анимациялық фильм көрермендерге кішкентай кейіпкердің ерлігін көрсетті.

Мультфильмнің басты кейіпкері – кәдімгі шам, яғни шырақ. Ол үйдің шаң басқан шатырында, ұмыт қалған ойыншықтардың арасында, қараңғы бір бұрышта тұрады. Бірақ сол қарапайым кейіпкердің бойында нағыз ерлік пен шынайы достыққа деген адалдық бар...

Бір күні оған ең қымбат әрі ең жақын ойыншығын мысық ұрлап әкетеді. Сол сәттен бастап Shyraaq-тың ішінде бұрын-соңды болмаған жарық тұтанады. Ол қандай жағдай болса да досын құтқаруға бел байлайды. Бұл – оның нағыз ерлік жолындағы алғашқы қадамына айналады.

Алғаш рет шам шатырдан төмен түсіп, ересектердің бейтаныс әлеміне қадам басады. Жолында талай кедергілер кездеседі, бірақ ол райынан қайтпайды. Өйткені нағыз ерлік – жауды жеңу емес, қорқынышты еңсеру, өз-

Иногда настоящие герои могут быть самыми маленькими и на первый взгляд простыми. Короткометражный казахстанский анимационный фильм «**Shyraaq**», вышедший на экраны в 2023 г., показал зрителям подвиг маленького героя.

Главный герой мультфильма – обычная свечка, т. е. Shyraaq. Он живет на пыльном чердаке дома, в темном углу среди забытых игрушек. Но в этом простом герое скрыта настоящая храбрость и верность настоящей дружбе...

Однажды самую дорогую ему и близкую из игрушек похищает кошка. С этого момента внутри свечки загорается свет, которого раньше никогда не было. Shyraaq решает во что бы то ни стало спасти своего друга. Это становится его первым шагом на пути настоящего подвига.

Впервые свечка спускается с чердака и вступает в незнакомый мир взрослых людей. На ее пути встречается множество преград, но она не отступает, ведь подлинное мужество – это не победа над врагом, а преодоление страха, вера в себя, борьба за тех, кто дорог, и главное –



«SHYRAQ» –

БОЛЬШОЙ ПОДВИГ МАЛЕНЬКОГО ОГОНЬКА

Фильмде бірде-бір сөз айтылмайды. Бірақ музыка мен әрекет арқылы барлық сезімді түсінуге болады. Диалогтар болмаса да, балалар жақсылық пен жамандықты, қорқыныш пен батылдықты, достық пен мейірімділікті ажырата алады. Сөзді қажет етпейтін бір тіл бар – ол **жүректің тілі**. Shyraқ дәл осы тілде сөйлейді. Сол себепті де ол кішкентай көрерменнің жүрегіне жол таба алады.

В фильме не произносится ни единого слова. Но с помощью музыки и действий передаются все чувства. Даже без диалогов дети могут различать добро и зло, страх и смелость, дружбу и доброту. Существует язык, который не требует слов, – это **язык сердца**. Именно на этом языке говорит Shyraқ. Именно поэтому он находит путь к сердцу маленького зрителя.



өзіңе сену, қымбат жандар үшін күресу және ең бастысы – жүректегі ішкі жарықты сақтап қалу.

Мұндай сәттер әр балаға таныс – алғаш рет мектепке бару, жаңа достармен танысу, бір нәрседен қорқу, бірақ бәрібір алға ұмтылу, ойыншықтарын өзгемен бөлісу т.б.

Шырақтың әрбір әрекеті – ішкі сезімнің, адами құндылықтардың бейнесі. Бала сөзбен емес, әрекетпен сезінеді: кішкентай шамның дірілдеуі – қорқынышты білдірсе, оның жарқ етіп жануы – үміттің қайта оянуын білдіреді.

Фильмдегі бейнелер – шынайы өмірдің символы. Шатыр – жалғыздықты, мысық – қауіп-қатерді, ал шырақ – ішкі жарық пен үмітті білдіреді. Осылардың бәрі өмірде кездесетін түрлі жағдайларды баланың тілімен, баланың көзімен бейнелейді. Бұл – жай ғана қызықты оқиға емес, адам жан-дүниесіне жасалған нәзік саяхат.

сохранение внутреннего света в сердце.

Такие моменты знакомы каждому ребенку: впервые пойти в школу, завести новых друзей, испытать страх, но все равно двигаться вперед, поделиться своей «игрушкой» с другим...

Каждое действие свечки – это отражение внутренних чувств и человеческих ценностей. Ребенок воспринимает не слова, а поступки: дрожание маленькой лампы – это страх, а ее внезапное загорание – пробуждение надежды...

Образы в фильме – символы реальной жизни: чердак символизирует одиночество, кот – опасность, а сам Shyraқ – внутренний свет и надежду. Все это передает жизненные ситуации простым, детским языком через восприятие ребенка. Это не просто увлекательная история – это настоящее путешествие в человеческую душу...

Осы мультфильмнің арқасында бала өз-өзін танып, бойындағы батылдықты, мейірімділік пен адалдықты ашады. Ол: «Мен де осылай істей аламын» деп ойлайды. Ал бұл ой – өз болашағына деген сенімнің алғашқы қадамы. Сондықтан «Shyraaq» – жай ғана анимациялық фильм емес, әр баланың жүрегіндегі ішкі шырақты жағып, өз жарығын табуына жол көрсететін кішкентай сәуле.

Благодаря этому мультфильму ребенок познает себя, открывает в себе храбрость, доброту и честность. Он думает: «Я тоже так смогу». А эта мысль – начало веры в собственное будущее. Поэтому «Shyraaq» – это не просто анимационный фильм, а маленький огонек, дающий яркий свет, помогающий каждому ребенку найти свое внутреннее сияние, свой собственный свет.

- Шырақ – жай ғана жарық көзі емес. Ол – үміттің, мейірімнің және ішкі күштің белгісі.
- Мультфильм «Кішкентай болу – әлсіз болу емес» дегенді көрсетеді.
- «Шынайы дос – қиын сәтте білінеді» деген ойларды үйретеді.

«Shyraaq» мультфильмі қазақ анимациясы жаңа деңгейге көтерді. Бұл фильмнің тілі қарапайым болғанымен, берер сабағы терең. Бәріміздің ішімізде кішкентай шырағымыз бар. Ең бастысы – сол шырақты сөндіріп алмау. Өйткені жарық жанғанда ғана жол көрінеді.

Бұл жарық адамға дұрыс жолмен жүруге, батыл қадам жасауға және өзгелерге қол ұшын созуға көмектеседі. Кейде жарығың сөніп қалғандай, жалғызсың, қорқасың, не істеу кергін білмейтін сәттер болады. Бірақ өз-өзіңе сенсең – ішкі шырағың қайта жанады. Бір жылы сөз, бір ізгі іс – сол сәтте-ақ ішкі жарығыңды лапылдата алады...

- Shyraaq не просто источник света. Он – символ надежды, доброты и внутренней силы. Это образ нашей надежды, смелости и стремления к добру.
- Он учит нас: «Быть маленьким – не значит быть слабым».
- Настоящий друг познается в трудную минуту.

Мультфильм «Shyraaq» поднял казахскую анимацию на новый уровень. Несмотря на простоту его языка, урок, который он преподносит, глубокий и жизненно важный. У каждого из нас внутри есть своя маленькая свечка. Главное – не дать ей погаснуть. Ведь только когда горит свет, виден путь.

Этот свет помогает идти по правильному пути, совершать смелые поступки и помогать другим. Бывает, что кажется: свет угасает, ты один, тебе страшно, ты не знаешь, что делать. Но если поверишь в себя, свет загорится снова. Одно теплое слово, одно доброе дело, и твой внутренний свет вспыхнет ярким пламенем...





Өз жарығыңды сақта! Себебі дәл сол жарық бір күні басқа біреуге жол көрсетіп, үміт сәулесі болуы мүмкін. Бір күні сен де біреудің үмітіне айналуың ықтимал. Сондықтан есінде сақта: батыр болу үшін үлкен не күшті болу міндет емес. Ең бастысы – жүрегіңде жарық жансын.

Береги свой свет! Ведь, возможно, именно он однажды укажет путь другому. Однажды и ты станешь для кого-то надеждой.

Так что запомни: чтобы быть героем, не обязательно быть большим и сильным. Главное, чтобы в сердце горел свет.

Shyraқ ешкімді жеңген жоқ, ешкіммен шайқасқан да жоқ. Бірақ ол өзіне сенді, досын тастамады және өзіне қымбат, бағалы нәрсені қорғап қалды. Міне, нағыз ерлік деген – осы!

Шырақ сөнбесе – үміт те сөнбейді...

Shyraқ никого не победил, ни с кем не сражался. Но он поверил в себя, не бросил друга и защитил то, что было для него важно и ценно. Вот что такое настоящий героизм!

Пока горит огонек, жива и надежда...

С. Е. Нурахметова, әзірледі
редактор,
«Өркен» балалардың
әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық институты,
Алматы қ.

Подготовлено **С. Е. Нурахметовой**,
редактор,
Национальный
научно-практический институт
благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы



ҚАЛАЙ АТА-АНАМЕН ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУҒА БОЛАДЫ?

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

Ата-анамен қарым-қатынас әрқашан мінсіз бола бермейді: әр буын өкілдері дүниені әрқалай көреді. Алайда бұл – бәрінен бас тартуға себеп емес.

▪ **Алдымен жақсы жағын байқауға тырысыңыз.** Ата-анамен қарым-қатынас соншалықты қиын болып көрінсе де, тіпті үмітсіз күйде болса да, нәлден бастап түсіністікке қол жеткізу – бір күнде шешілетін оңай шаруа емес. Сондықтан жақсы сәттерге назар аударыңыз, жағымды тәжірибені көбейтіңіз, сол арқылы қарым-қатынасты біртіндеп жақсартуға болады.

Мәселен, егер телефон арқылы сөйлескенде қарым-қатынас жақсы болып, ал жеке кездесулер жанжалмен аяқталса, онда жиірек телефонмен сөйлескеніңіз дұрыс.

Отношения с родителями редко бывают безупречными: люди из разных поколений видят мир по-разному. Но это не повод опустить руки.

▪ **Начните с плюсов.** Когда отношения с родителями настолько плохи, что кажутся безнадежными, помните, что достижение взаимопонимания с нуля – задача не из легких и не решается одним днем. Концентрируйтесь на плюсах и умножайте позитивный опыт.

Например, если разговоры по телефону обычно проходят благополучно, а личные встречи заканчиваются скандалами, звоните чаще.

Если в текущем положении вещей хорошего мало, опирайтесь на теплые воспоминания: попросите рецепт из детства, поинтересуйтесь историей семейного снимка.

▪ **Прощайте.** Отпустить обиды помогает осознание того, что родители неидеальны, но по-своему старались и, как минимум, содержали вас в детстве. Учитывая, что младенцы недееспособны, а вы живы, даже самые

Ренішті іште сақтамаңыз, ата-анаңызды кешіріңіз және оларды бар болмысымен қабылдауды үйреніңіз.



КАК НАЛАДИТЬ ОТНОШЕНИЯ С РОДИТЕЛЯМИ?

СОВЕТЫ ПОДРОСТКАМ

Егер қазіргі қарым-қатынаста жағымды нәрсе аз болса, өткеннің жылы естеліктеріне сүйеніңіз: бала кезде ұнатқан тағамның жасалу жолын сұраңыз, ескі отбасылық суреттің тарихын білгіңіз келетінін айтып көріңіз. Мұндай қарапайым қадамдар өзара байланысты нығайтып, қарым-қатынасты қайта жандандыруға көмектеседі.

- **Кешіріммен қараңыз.** Реніштерден арылуға ата-ананың мінсіз еместігін түсіну көмектеседі. Олар өздерінше қолдан келгенін жасады, ең болмағанда балалық шағыңызда сізді бағып-қағып өсірді. Сәбилер өз бетімен өмір сүре алмайтынын ескерсек, сіздің бүгін есейіп отырғаныңыздың өзінде – тіпті ең қиын мінезді ата-ана болса да – олардың белгілі бір үлесі бар екенін мойындаған жөн.

Ақыр соңында, жағымсыз тәжірибе де – өз алдына бір мұра. Дәл сол тәжірибе сізге болашақта өз балаңызға жақсырақ ата-ана болуға жол ашуы мүмкін.

- **Жақсы бала болуға тырысыңыз.** Өзгелерге емес, алдымен өзіңнен баста деген кеңес көбіне ашу туғызатыны рас, бірақ мұның да өз мәні бар. Ата-анаңызға сіздің өзгергеніңізді түсініп, басқа деңгейде сөйлесу керек екенін ұғынуға уақыт беріңіз. Татуласуға алғашқы қадамды өзіңіз жасасаңыз да, бірден жылылық пен түсіністік орнайды деп күтпеңіз.

Алғашқыда мұзды ерітуге бағытталған әрекеттеріңіз түсініксіз болып көрінуі, тіпті күдік тудыруы мүмкін. Шынайы қызығушылық танытып, байланысты үзбей, жауап күтпестен қамқорлық көрсетіңіз – көп ұзамай оның нәтижесін байқайсыз.

- **Сізді не нәрсе мазалайтынын ашық мойындаңыз.** Ата-анаңызға адал болыңыз. Олардың кей әрекеттері ашуыңызды тудырса да, шынайылық жағдайды жақсартуға көмектесуі мүмкін. Айқай-шусыз, сабырмен айтылған ашық әрі шынайы сөздер – адамдар өз қателіктерін мойындауға дайын болмаса да – керемет нәти-

Не таите обид, простите родителей и учитесь принимать их такими, какие они есть.

ужасные мама и папа внесли вклад в ваше сегодняшнее существование.

В конце концов, негативный опыт – тоже наследие, благодаря которому вы стали на порядок лучше как родители для своих будущих детей.

- **Будьте хорошим ребенком.** Ничто так не раздражает, как совет начать с себя, но в этом определенно есть смысл. Дайте родителям время перестроиться и осознать, что вы изменились, и общаться с вами нужно по-новому. Не ждите оттепели после первого же шага к примирению с вашей стороны.

Сперва ваши попытки растопить лед могут быть непонятными и даже вызвать подозрения. Выказывайте искренний интерес, поддерживайте контакты и проявляйте заботу без ожидания мгновенного отклика – и вскоре заметите результаты.

- **Признайтесь в том, что вас беспокоит.** Будьте честны с родителями. Даже если их действия сводят вас с ума, откровенность может спасти ситуацию. Радикальная правда без истерики и повышенного тона способна творить чудеса, даже когда люди не готовы признать свои ошибки открыто. В противном случае обиды будут лишь копиться, и отношения станут только хуже.

- **Найдите повод для благодарности.** Каждый родитель хочет быть уверенным, что все сделал правиль-

Благодарите родителей за счастливое детство, за яркие воспоминания, за советы и поддержку. Найдите повод сказать: «Спасибо!» Благодарность – универсальный ключ к родительскому сердцу.

Ата-анаңызға бақытты балалық шақ үшін, жарқын естеліктер, ақыл-кеңестері мен қолдауы үшін алғыс айтыңыз. «Рақмет!» деуге себеп табыңыз. Алғыс – ата-ана жүрегінің әмбебап кілті.

жеге жеткізе алады. Ал керісінше болған жағдайда, реніштер іште жиналып, қарым-қатынас одан әрі нашарлай түседі.

▪ **Алғыс айтуға себеп табыңыз.** Әрбір ата-ана өз әрекеттерінің дұрыс болғанына сенімді болғысы келеді. Егер бала тәрбиесі үшін алғыс білдірсе, онда ата-ананың өмірлік мақсаты орындалды деген сөз – өмірі зая кеткен жоқ.

▪ **Бірге уақыт өткізіңіздер.** Бастапқыда балалар ата-ананың көңіл бөленін қалайды. Бірақ уақыт өте келе бұл жағдай керісінше өзгереді: енді ата-аналар бала өздеріне немқұрайлы қарайтын сияқты сезініп, назар күтеді. Бақытты отбасылар уақытты бірге өткізе білетін, сол арқылы қуанышты сәттерді көбейтетін жандар. Ешқашан бұл әрекетті жақсылық жасап жатқандай күйде атқармаңыз – жанында жиі болуды шынымен қалағаныңызға көзіңізді жеткізіңіз.

Уақыт – барлық қатынасқа құйылатын инвестиция.

▪ **Ортақ қызығушылықтарды табыңыз.** Сізді үйірмеге, апарған – ата-анаңыз. Бояулар мен қылқалам сатып әперген де солар. Мүмкін, олар сізге дәмді тамақдайындауды, тігін тігуді немесе тоқуды үйреткен шығар. Ең алғашқы сериалдарды бірге көріп, сүйікті спортшыларға жанкүйер болған да – ата-анаңыз. Бәлкім, сізде әлі де ортақ қызығушылықтар бар шығар.

Неге осыны қарым-қатынасты нығайту үшін пайдаланбасқа? Сізге және ата-анаңызға қызықты іс-шараға билет алыңыз, екеуіңізге де маңызды соңғы жаңалықтарды бірге талқылаңыз.

▪ **Сұрақ қойыңыз.** Қарым-қатынасты жақсартудың жолын соқыр күйде іздегенше, эволюцияның жетістігін – анық әрі түсінікті сөйлеуді қолданыңыз. Қарым-қатынасты түзетудің ең жылдам жолы – не дұрыс емес екенін ашық сұрау. Сіздердің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарыңыз әртүрлі болуы әбден мүмкін...



но. И если ребенок благодарен за воспитание, его миссия выполнена – жизнь прожита не зря.

▪ **Проводите время вместе.** Дети требуют внимания. С течением времени ситуация меняется на противоположную: внимания требуют уже родители, которым кажется, что ребенку они становятся все более безразличны. Счастливые семьи умеют проводить время вместе – так, чтобы конвертировать его в радостные моменты.

Ни в коем случае не делайте одолжение, убедитесь, что вы искренне хотите почаще быть рядом в буквальном смысле.

Время – инвестиция в любые отношения, не только с родителями.

▪ **Найдите общие интересы.** Это родители отвели вас в кружок, секцию, купили вам краски и кисти, а может, научили вас вкусно готовить, шить или вязать. Это с родителями вы смотрели первые сериалы, болели за любимых спортсменов. Вероятно, у вас еще остались общие интересы.

Почему бы не использовать это для укрепления отношений? Купите билеты на интересное вам и родителям мероприятие, обсудите последние новости, которые волнуют и вас, и их.

▪ **Задавайте вопросы.** Вместо попыток нащупать возможности для улучшения общения вслепую пользуйтесь достижениями эволюции – внятной речью. Самый быстрый способ сделать отношения лучше – прямо спросить, что не так. Почти наверняка у вас разное видение проблемы...



ҚАУІПСІЗ, ҚЫЗЫҚТЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ДЕМА- ЛЫСҚА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМА

ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМА ДЛЯ БЕЗОПАСНЫХ, ИНТЕРЕСНЫХ И ПОЛЕЗНЫХ КАНИКУЛ

Шығармашылық шеберхана

*Жасаймыз, сурет саламыз,
мүсіндейміз*

- **Art for Kids Hub** (сурет салу) – балаларға арналған кезең-кезеңімен сурет салу сабақтары
- **ToyTheater** (шығармашылық ойындар) – сурет салу, анимация және музыкалық шығармашылық
- **Балаларға арналған Canva** – балалар жобаларына арналған қарапайым графикалық редактор

Творческая мастерская

Создаем, рисуем, лепим

- **Art for Kids Hub** (рисование) – пошаговые уроки рисования для детей
- **ToyTheater** (творческие игры) – рисование, анимация и музыкальное творчество
- **Canva для детей** – простой графический редактор для детских проектов



Ойнап жүріп үйренеміз

Сабақ – қызық әрі көңілді!

- **Khan Academy Kids** – математика, оқу және логика
- **Uchi.ru** – оқушыларға арналған интерактивті сабақтар
- **Code.org** – ойын түріндегі бағдарламалау негіздері

Учимся играя

Учеба без скуки

- **Khan Academy Kids** – математика, чтение и логика
- **Uchi.ru** – интерактивные уроки для школьников
- **Code.org** – основы программирования в игровой форме



Экспедициялар мен саяхаттар

*Үйден шықпай-ақ әлемді
аралаймыз*

- **Google Arts & Culture** – мұражайлар мен көрнекті орындарға виртуалды турлар
- **National Geographic Kids** – жануарлар, табиғат және мәдениет туралы
- **Kazakhstan Travel** – Қазақстан бойынша бейнесаяхаттар: туған еліңді жақыннан таны

Экспедиции и путешествия

*Путешествуем по миру,
не выходя из дома*

- **Google Arts & Culture** – виртуальные туры по музеям и достопримечательностям
- **National Geographic Kids** – животные, природа, культура
- **Kazakhstan Travel** – видеоэкскурсии по Казахстану: узнай больше о родной стране





Күнделікті қауіпсіздік

Қауіпсіз өмір сүруді үйренеміз

- **Сайт «Бала құқығы»** – балалардың құқықтары, оларды қорғау және қолдау
- **SafeKids.kz** – Қазақстандағы балалар қауіпсіздігі жобасы
- **Google Интерланд** – интернеттегі қауіпсіздік туралы ойын

Безопасность изо дня в день

Учимся быть в безопасности

- **Сайт «Бала құқығы»** – о правах детей, их защите и поддержке
- **SafeKids.kz** – проект по детской безопасности в Казахстане
- **Google Интерланд** – игра про интернет-безопасность



Эмоциялық әл-ауқат

Өзімізді және көңіл-күйімізді
тыңдаймыз

- **Smiling Mind** – балаларға арналған медитация
- **Аудиоертегілер мен подкасттар** – эмоциялық тепе-теңдікті сақтау
- **Школьный психолог онлайн (YouTube)** – психологтардан кеңестер мен бейнелер

Эмоциональное благополучие

Слушаем себя и свое настроение

- **Smiling Mind** – медитация для детей
- **Аудиосказки и подкасты для детей** – устанавливаем эмоциональное равновесие
- **Школьный психолог онлайн (YouTube)** – видео и советы от психологов



Видео және аудиоконтент

Уақытты пайдалы әрі көңілді өткіз!

- **PBS Kids** – оқытатын мультфильмдер мен ойындар
- **Карусель ТВ** – балаларға арналған мультфильмдер мен бағдарламалар
- **YouTube Kids** – балаларға арналған қауіпсіз бейнелер

Видео и аудио-контент

Развлекайся с пользой

- **PBS Kids** – обучающие мультфильмы и игры
- **Карусель ТВ** – мультфильмы и передачи для детей
- **YouTube Kids** – фильтрованные безопасные видео



Челленджер мен белсенділіктер

Әр апта – жаңа тапсырма!

- **SuperSimple.com** – шығармашылық тапсырмалар, әндер мен ойындар
- **«Бірге болу уақыты» жобасы** – отбасылық тапсырмалар мен челленджер
- **Онлайн дене шынықтыру (YouTube)** – балаларға арналған жаттығу бейнелері

Челленджи и активности

Каждую неделю – новое испытание!

- **SuperSimple.com** – творческие задания, песни, игры
- **Проект «Время быть вместе»** – семейные задания и челленджи
- **Физкультура онлайн (YouTube)** – детская зарядка в видеоформате

**ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ /
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
БАС РЕДАКТОР / ГЛАВНЫЙ
РЕДАКТОР** Е. Н. Сакенова

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС /
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

И. М. Самсаев
Р. Ф. Кудякова
Г. К. Калиева
И. В. Калачева
Б. К. Кудышева
М. К. Таипова
А. М. Саликова
Г. Б. Омарова

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ /
ДИЗАЙН И ВЕРСТКА**

А. М. Саликова
Т. В. Васько
Фото freepik.com

РЕДАКТОР-КОРРЕКТОР

Е. М. Песина
С. Е. Нурахметова

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы, Z05X4M9,
Алматы қ., Медеу ауданы, Митина
көшесі, 6 үй
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын
арттыру ұлттық ғылыми-практикалық
институты» КеАҚ

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

Республика Казахстан, Z05X4M9,
г. Алматы, Медеуский район,
ул. Митина, д. 6
НАО «Национальный научно-
практический институт благополучия
детей «ӨРКЕН»

ЖУРНАЛДЫҢ МЕНШІК ИЕСІ

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын
арттыру ұлттық ғылыми-практикалық
институты» КеАҚ

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА

НАО «Национальный научно-
практический институт благополучия
детей «ӨРКЕН»

**ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
ЖИІЛІГІ**

Ай сайын

**ПЕРИОДИЧНОСТЬ ВЫПУСКА
ЖУРНАЛА**

Ежемесячный

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат
комитетінің 2024 жылғы 15 наурызда
берген № KZ52VPY00089109 тіркеу
куәлігі

Регистрационное свидетельство
№ KZ52VPY00089109 от 15 марта
2024 года выдано Комитетом
информации Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.

Деректердің дәлдігі мен ақпараттың
сенімділігі үшін материал авторлары
жауапты.

За точность фактов и достоверность
информации ответственность несут
авторы материалов.